

## БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

## 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы

ЖАРИЯЛАНДЫ  
08.12.2024СІЛТЕМЕ  
https://bilimger.kz/171655/

## Желтоқсан 1986: Ұлт намысының оянуы

1986 жылдың желтоқсанында Алматының орталық алаңында болған оқиға қазақ халқының азаттыққа деген ұмтылысының тарихи бетбұрысы болды. Бейбіт шеруге шыққан жастар әділетсіздікке қарсы бас көтеріп, ұлттық рухты қорғауға атсалысты. Бұл оқиға бір ғана саяси шешімге наразылық емес, қазақ халқының өз тағдырын өзі шешуге деген ұмтылысын көрсетті.

## Негізгі бөлім

16 желтоқсанда Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің Пленумы Дінмұхаммед Қонаевты қызметінен алып, оның орнына Геннадий Колбинді тағайындау туралы шешім шығарды. Колбиннің қазақ халқына бөтен адам екені, тіпті Қазақстанның жағдайымен таныс еместігі белгілі болатын. Бұл шешім қазақ жастарының намысына тиді. Олар ұлттық мүдде аяқ асты болғанын, қазақ халқының пікірі еленбегенін түсініп, наразылыққа шықты.

17 желтоқсан күні таңсәріден Алматыдағы Брежнев алаңына (қазіргі Республика алаңы) мыңдаған студенттер мен жұмысшы жастар жиналды. Олар бейбіт шеруге шығып, әділдік талап етті. Шеруге шыққандардың басты ұраны - «Әр халыққа өз көсемі!» болды. Бұл талап ешқандай ұлтшылдықты емес, халықтың өзін-өзі басқару құқығын қорғауды білдіретін.

Алайда билік олардың даусына құлақ аспады. 17-18 желтоқсан күндері бейбіт шеруге шыққан жастарға күш қолданылып, шерушілер аяусыз басып-жаншылды. Мыңдаған адам соққыға жығылып, көпшілігі қамауға алынды. Кейбір жастарды алаңнан күшпен алып кетіп, қаланың шетіне тастап, қатты аязда өміріне қауіп төндірді.

### **Қайсар жастардың ерлігі**

Бұл оқиғада ерекше көзге түскен азаматтардың бірі – Қайрат Рысқұлбеков. Ол өзінің өр рухымен, әділдік жолындағы табандылығымен тарихта қалды. Тергеу кезінде оған «Совет билігіне қарсы шықты» деген жалған айып тағылып, ату жазасына кесілді. Кейіннен оның жазасы 20 жылға ауыстырылғанымен, Қайрат түрмеде қаза тапты. Оның «Ақтық сөзі» бүгінгі ұрпақ үшін ерліктің символына айналды.

Ләззат Асанова, Сабира Мұхаметжанова, Ербол Сыпатаев сынды жастар да Желтоқсан оқиғасының қаһармандары ретінде тарихта қалды. Олар әділетсіздікке қарсы шығып, өздерінің өмірін құрбан етті.

### **Саяси-элеуметтік салдары**

Желтоқсан оқиғасы Кеңес Одағының барлық аймағына әсер етті. Бұл тек Қазақстанда ғана емес, Балтық елдерінде, Грузияда және басқа республикаларда да азаттыққа ұмтылысты күшейтті. Қазақ жастарының жанқиярлық әрекеті Кеңес Одағының ыдырауының алғышарттарының бірі болды.

### **Қорытынды**

1986 жылдың желтоқсаны – қазақ халқының бостандыққа деген талпынысының, ұлттық рухының жаңғыруының жарқын көрінісі. Желтоқсанның қаһармандарының ерлігі бүгінгі Тәуелсіз Қазақстанның негізін қалады. Олардың батылдығы мен қайсарлығы ел есінде мәңгі сақталады. Желтоқсан – ұлттық рухтың қайсарлығын танытқан, тарихымыздағы ұмытылмас белес.

**ҚМ АА** Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.